

ӘӨЖ 908(045)
МРНТИ 03.20
DOI 10.56525/CUVK5391

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ЕРЖАН ТӨЛЕГЕНҰЛЫНЫҢ ДІНИ-РУХАНИ ҚЫЗМЕТІ

Ережепова Р. Г., Өтесова Г.Е.

Есенов Университеті, Ақтау, Қазақстан
e-mail:rimma.erezhepova@yu.edu.kz, gulnar.otessova@yu.edu.kz

Аңдатпа: Мұрағат деректері көрсеткендей, XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың басында Батыс Қазақстан аймағында ислам дінінің күшеюімен мешіттер саны көбейген. Маңғыстау түбегі жергілікті халықты сауаттандыруға бағытталған мешіт-медреселерімен танылған аймақ болды. Маңғыстау түбегіндегі XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың басындағы халықтық білім берудегі білім орындарының бірі болып саналған мешіт-медреселерде Уфа, Орта Азия жерлерінен білім алған діни сауатты тұлғалар тек қана діни білім беріп қана қоймай, гуманитарлық, жаратылыстану, араб-парсы ғылымдарымен де халықты сауаттандырған. Мақаланың маңызды зерттеу кіріспесінде жоғарыда аталған ғылым салаларын меңгерген ишан, молда, хазірет, ахун сияқты діни сауатты тұлғалардың иерархиясына талдау жасалынып, анықтамалар беріледі.

Маңғыстау түбегіндегі мешіт-медреселер мен олардағы діни сауатты оқытушылардың қызметі Қазан төңкерісіне дейін және Кеңес өкіметі жылдарына сәйкес келеді. Солардың бірі-Ержан Төлегенұлы болды.

Ержан Төлегенұлы Бұхара медресесін 1926 жылы тәмамдаған діни сауатты тұлға болған. Кеңес өкіметі орнаған жылдары ол бірнеше рет діни жолды ұстанғаны үшін кеңестік саясаттың қудалауына ұшырады.

Мақалада Ержан Төлегенұлының діни-рухани, ағартушылық қызметінің қалыптасуының кезеңдері мен оның ұстанатын діни тариқатының тарихы мен мәніне баса назар аударылады. Сондай-ақ, хазіреттің өз қолымен жазып қалдырған қолжазбаларына да талдау жасалынады.

Түйін сөздер: ислам діні, мешіт-медресе, хазірет, нақышбандия тариқаты, мұсылмандық бағыт, діни білім, рухани-ағартушылық.

Кіріспе

Ислам діні қазақ даласына кең қанат жаюымен қатар, ұлттың діни пайымы мен болмысының жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етті.

Маңғыстау түбегіндегі оқу-ағарту ісінің тарихына шолу жасасақ, сонау түркі-ислам дәуіріндегі білім, XV-XIX ғасырдағы оқу-ағарту ісі, мешіт-медреселердің көбеюі, Бекет Мырзағұлұлының ағартушылық қызметі, XIX соңы - XX ғғ. басындағы Маңғыстау өлкесінде 170-ке жуық ресми түрде тіркелген діни қайраткерлердің сабақ беруі, Кеңес өкіметі тұсындағы білім беру т.б. туралы мәліметке көз жеткіземіз [1].

XIX ғ. соңы - XX ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген ишан, ахун, хазірет, молда, қалпе т.б. діни тұлғалар қазақ ұлтының дәстүрлі ислам дінінің жалғасын тауып, жоғалмауы үшін қызмет етті. Ғылыми деректерге сүйенсек, аталған дәуірде қазақ зиялылары қалыптасып, олар ел арасында ишан, қалпе, ахун, хазірет, молда, имам деген діни атақ алып қана қоймай, медреседен білім алып, елге келіп мешіттер мен медреселерде бала оқытумен айналысты немесе бала оқытатын мешіт-медреселер салдырды. Сол діни тұлғалар салдырған мешіт жанындағы мектеп-медреседен көптеген шәкірт тәлім алды.


Ержан Төлегенұлының діни, рухани қызметінің қалыптасуы туралы айтпас бұрын, қазақ қоғамында ислам құндылықтарының таралуы мен насихатталуына барынша қызмет еткен діни тұлғалар хазірет, молда ахун, ишан сияқты лауазымдарға анықтама бергеніміз жөн.

Хазірет (қазірет, әзірет) — діни лауазым. Жоғары дәрежелі дін иелеріне берілетін діни атақ. Мұхаммед пайғамбардан кейінгі 4 халифтің бірі - Әли қазақта Әзірет Әлі деген атпен мәлім. Хазірет атағы мешіттің немесе белгілі бір аймақтағы мұсылман дін иелерінің басшысына да беріледі. Хазірет атағы лауазым иесінің дін қағидаларына жүйрік, ғұлама адам екендігін аңғартады [2, б.175].

Молда, молла – мырза, әмірші, парс. мелла, молдо – ұстаз, діни ғұлама) – шарифат білгірі, діни рәсімдерді атқарушы, ұстаз. Қазақ жерінде патшалық Ресей билігі тұсында молда қызметін атқарған діни қызметкерлердің міндеттері мемлекеттік қаулылармен белгіленіп, шенеуніктердің бақылауында болды. Молда арнайы тағайындалып, жергілікті мешіттердің қарамағына жіберілді. Кеңестік дәуірде діннің өмір сүру формасы діни рәсімдердің аясында қалғаны себепті молдалар қызметі ислам дінінің жөн-жоралғыларын атқарушы ретінде ғана көрінді. Молда қызметіне Орта Азия мен Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы басшылық жасады. Қазіргі уақытта бұл қызметті Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасына бағынатын жергілікті имамдар атқарады. Әдетте қазақ қоғамында молданың және мұсылман дін басыларының қызметі мен мәртебесі, ықпалы екі маңызды фактормен анықталды: біріншісі - молда (парсы тілінен енген) арабшасы маула – «мырза, әмірші, ағзам» деген ұғымды білдірсе, екіншісі - молда мұсылмандық дәстүр, жөн-жосығының білгірі, дін қызметкері, дін мектебінің ұстазы, білімді, оқымысты адам [3, б.4].

Ахун – атауы да екі мағына білдіреді. Біріншісі – діни лауазым ретінде анықталса, соңғысы - баулушы ұстаз деген түсінікпен белгілі. ХҮІІІ ғасырдың ІІ жартысында қазақ даласы мен қоғамында кең тараған және қолданылған діни лауазымдардың бірі болды. Орта Азияны билеген Бұхара хандығы тұсындағы ислам ғалымдары мен білгірлерінің лауазымына айналып, шарифат негізінде айтылған шешімі ахунның келісімінсіз жүзеге асырылмаған [4, б.68].

Ал, Альметьев энциклопедиясында ахун түсінігін мұсылмандар жоғары бірлестігінің ірі тұлғасы ретінде көрсетеді. Ол сайланбалы түрде тағайындалған. Ахунның құзіретіне төменгі діни өкілдер қызметін бақылау, жаңа мешіттер құрылысын жүргізу, билік пен мұсылман қауымы арасындағы дәнекер ретінде қызмет атқарған. Ресейдің дің істері жөніндегі Мұсылмандар Комитеті құрылғаннан соң, ахунды сайлау жойылып, дін басқармасы ғана тағайындайтын құрметті титулға айналды (1-сурет) [5].



Сурет 1 -Гильман Карими, оның әйелі Бибімагсума Фахреддин, баласы Гариф Карими.
1893. Уфа қаласы

Қазақ қоғамындағы ахун деп аталатын діни тұлғаның рөлі ерекше болды. Қазақтың дәстүрлі қоғамында Алланың разылығы үшін халықтың діни сұранысына лайықтар қызмет атқарып, халыққа дін ақиқатын түсіндіріп отырды. Қазақ қоғамындағы жиындарда, діни-ғұрыптық шараларда әдет-ғұрыптар мен шарифаттың шарттарын айтып, қызмет атқарған.

Әдетте ахун белгілі-бір діни ғұлама ұстаздардан, атақты медреселерден ілім алған діндар оқымыстылар болған, халыққа діни ағартушылық қызмет көрсеткендіктен, өзінің білімдерін жетілдіруде ізденісте болған. Сондай тұлғалардың бірі Маңғыстау топырағында дүниеге келіп, өзіндік тума талантымен, ұлтжандылығымен, үлкен адамгершілік қасиеттерімен көріне білген Оразмағамбет Тұрмағанбетұлы болатын.

Қазақтан шыққан тұңғыш геолог, ірі қоғам қайраткері, ағартушы-педагог Оразмағамбет Тұрмағанбетұлы 1882 жылы Маңғыстаудың Қызылсу жерінде дүниеге келген.

Әмбебап ғалым қазақтың ағартушылық, білім беру ісінде тарихында қалған ұстаздардың бірі болған Оразмағамбет шығыс және батыс халықтарының тарихын, мәдениетін жақсы білген. Жаратылыстану, тау-кен ісі, медицина ғылымдарын терең меңгерген. Оның алдына қойған мақсаты –қазақ жастарының сауатын ашу, жақсы білім беру. Себебі оның өскен ортасы, шыққан тегі, ата-бабалары мықты ғұлама адамдар болған[6, б.73].

Қазіргі кездегі қолжетімді деректерде Оразмағамбет Тұрмағанбетұлы туралы төмендегідей мәліметтер беріледі:


Оразмағанбет (Размағанбет) Тұрмағанбетұлы – діни ғұлама, ғалым-геолог, алаш қозғалысының мүшесі. Адайдың бәйімбет руынан. Әкесі Тұрмағанбет шағын дәулетті, діни мектебі бар, ахун болған адам. Алғашқы сауатын әкесінің мектебінен ашып, 10-11 жасында Көне Үргеніште, 1895-97 жж. Хиуа, Бұқарадағы медреселерде оқыған.

1897-1900 ж.ж. Бомбей қаласында арнайы инженер білім алған. 1900-1903 ж.ж. қысқа мерзімдік оқулармен Түркия, Иран, Германия елдерінде білімін жетілдірген [7, б.39-43].

Кеңес өкіметі орнағанға дейін Қазақ даласында ишандық мектеп қалыптасқан болатын. Негізінен дін қызметкерлерінің шығу тегі бір болғанымен, олардың атқаратын қызметтері әртүрлі болды. Басқа дін қызметкерлеріне қарағанда, ишандардың да атқаратын қызметінің өзіндік ерекшелігі болатын.

Шағатай тілінен аударғанда, «ишан» сөзі әулие ұғымын білдірді. «Ишан» атауының тарихи хронологиясын таратып айтар болсақ, дінтанушылар, зерттеушілер аталған терминді алғаш рет Бахаудин Нақышбандиға қатысты тазкрийа жанрында жазылған әдебиеттерден кездестірген. «Ишан» атауы ХҮІ ғасырдан бастап Орталық Азияда кеңінен тарала бастады. Соның ішінде Қожа Ахмет Яссауидің ілімін уағыздаушылары мен Нақышбанди тариқатын ұстанатын діни көсемдерін ХҮІІІ ғасырдан бастап «ишан» деп атай бастады [8].

Ишан арнайы діни мектептен білім алып, діни теориялық білім алып, ұстазы берген иджаза (шатырхат) диплом арқылы діни ілімді таратуға рұқсат алған (2-сурет) [8].



Сурет 2 - Орта Азия мешіт-медреселерде оқығаны туралы шәкірттерге берілетін рұқсатнама қағазы (шатырхат)

Маңғыстау түбегінде ишандық мектептің көрнекті өкілдерінің бірі - Айдар ишан Шайхыисламұлы болып табылады. Ол 1848-1922 жылдары өмір сүрген. Дін жолы мен адамгершілік жолын берік ұстанған Айдар ишан Бұхарада оқып, діни білім алған. Елге

оралғаннан кейін мешіт ашып, балаларға дәріс береді. Оның мешітінің орын сұлбасы Тұшқықұдық басында әлі бар. Мұндай кісіге жоғары білімді, оқыту, үйрету шеберлігі жеткілікті делінген шатырхат (диплом) беріледі.

Айдар ишаннан дәріс алған шәкірттер көп болған. Өйткені, оның бала оқытқан кезінде оған тең келер ешкім жоқ еді, қайта бүкіл жұртшылық қолдап, көмек беріп отырды. Оның мешітін аса қадір тұтты.

Ержан Бұхарадан оқу бітіріп кейін осы ұстазының жолын жалғастырып, оның мешітін жөндеуден өткізіп, бала оқыта бастайды. Білім нәрін егумен қатар, жерге егін егуді де үйрете берген болатын [9, б.15].

Материалдар мен зерттеу әдістері. Ержан Төлегенұлының діни, рухани қызметін зерттеу барысында, алдымен оның өмір сүрген ортасы, қоғамы, оның тұлға ретіндегі өзі өмір сүрген қоғамдағы тарихи оқиғалар мен құбылыстарға зерттеу, талдау жасалынды. Сондықтан, зерттеу жұмысын жүргізу барысында, тарихи, салыстырмалы әдістерге көп көңіл бөлінді. Өйткені қоғамдық құбылыстарды зерттеуде кең тараған жалпы ғылыми сипаттаушы әдіс. Бұл әдіс саяси өмірдің қандай да бір құбылыстарының пайда болуының, дамуының шынайы бейнесін қайта жасау үшін тарихи ғылымдардың көмегіне сүйенеді.

Тарихи әдіс – сипаттаушылығымен, фактілерді жүйелеуге ұмтылуымен және осының негізінде құбылыстардың дамуының ішкі логикасын табуымен құнды. Бұл әдіс маңызды, тұрақты, қайталанбалы, заңды байланыстарды анықтау мақсатында саяси өмірдің қандай да бір құбылыстарының пайда болуының, дамуының шынайы бейнесін қайта жасау үшін тарихи ғылымдардың түсініктері мен ұғымдарының көмегіне жүгінеді. Мысалы, XX ғасырдың басындағы Ержан Төлегенұлының рухани ағартушылық қызметі кеңестік саясаттың орнап, идеологиялық саясат арқылы дінге қатысты шектеулер, репрессиялық қудалаулар арқылы сипатталады. Яғни, тұлғаның сол кезеңдегі қызметі мен өмірін анықтау үшін тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Ол үшін мұрағат материалдары арқылы Ержан Төлегенұлы өмір сүрген жылдардағы 1931-1939 ж.ж. аралығындағы Маңғыстау ауданы бойынша, жергілікті селсовет отырысының хаттамалары мен құжаттарына талдау жасалынды [10, б.33]. Аталған құжаттардың ішінде мұрағатшы З.Ижановтың зерттеулері елеулі рөл атқарады. Зияда Ижанов 1992-1995 жылдар аралығында Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағатында жетекші ғылыми қызметкер болды.

1995-2004 жылдар аралығында ҚР Ғылым Академиясының тарих және этнология институтында, ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында, Мұрағат ісі және құжаттану жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығында, ҚР Президенті мұрағатында мұрағатшы-аудармашы қызметтерін атқарады [11, б.159].

Сондай-ақ, 1990 жылдары жарық көрген жергілікті баспасөз материалдарына жарияланған Ержан хазірет туралы естеліктер мен мақалаларға шолу жасалынды. Сонымен бірге, эмпирикалық зерттеу әдісі де қолданылды, өйткені тәжірибе арқылы ғылыми жұмысқа қажетті материалдар мен дерек көздері жинақталады. Эмпирикалық зерттеу әдістеріне бақылау, әңгімелесу, сауалнама, сұхбаттасу жатады. Ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуде Ержан хазіреттің көз көрген жақын адамдары мен туыстарымен сұхбаттасу жүргізілді. Соның ішінде хазіреттің келіні М. Атарбаевамен, жиені Б. Әбілдіковпен, сұхбат жүргізілді [12]. Сұхбаттасу барысында ауызша баяндау арқылы этнографиялық материалдар, соның ішінде заттай деректер жинақталды.

Зерттеу нәтижелері. Қазақстанның Маңғыстау өлкесі басқа аймақтарға қарағанда, салт-дәстүрімен діни салт-жоралғысы астарласқан, ислам дінінің таралуымен қатар, осы аймақтан шыққан дін өкілдерінің қызметімен ерекшеленеді. Ең бірінші бөліп көрсететін ерекшелік – бұл өңірдің географиялық орналасуында аталған аймақ Орта Азия, Каспий маңы елдерімен көршілес болды. Аймақтағы діни сауатты тұлғалар – ахун, ишан, молдалар Бұхара, Хиуа, Самарқан қалаларындағы діни сауат ашатын білім орындарында оқып, тәмамдап, елге қайтып оралып, жергілікті халық ішінде қызмет етті [13, б.72].

Ержан Төлегенұлы 1887 жылы Маңғыстау үш түбегіндегі бірі Бозашының Сорқұдық деген жерінде орта дәулеті отбасында дүниеге келген. Басқа деректерде Керел деп

аталады. Әкесі Төлеген діндар, еңбекқор әрі өзгелерге қамқор, адал адам болыпты. Балаларын оқуға беруге аса құштар ол үш баласын да ауыл молдасына оқуға берген. Ержанды бала шағында Мырзайыр деген жерде Әбді ахуннан бір жыл оқытып, хат танытты. Бастапқы білімді руы Тастемір Айдар ишанның медресесінен алады. Тұщықұдық жеріне 1887 жылы алғаш шатырхат алып келген Айдар ишан өз медресесінде оқыған алғыр шәкірті Ержанды өз баласынан артық жақсы көрген дейді. Ол Оразмағанбет ахун, Ідіріс молда, Шайхы ахундар бар бір топ үздік шәкірттерін өзі оқыған Бұхарадағы Көкілташ медресесіне жібереді. Ержан хазірет медресені 1924 жылы ұстаздық мамандығы бойынша үздік бітіреді [14, б.10].

Айдар ишанның білімін тәмамдаған соң Ержан Қызылсудағы Тұрмағанбеттің медресесінде оқиды. Бұл медреседе Ержанмен бірге Тұрмағанбеттің баласы Оразмағанбет, Қалмұраттың Қожабайы, Шоңай Шайқы тағы басқалары оқыған екен. Төлегеннің Ержанын атақты батыр, би Иса Тілембайұлы болыс болып тұрған шағында өзіне хатшы етіп алады. Көп кешікпей Шоңай Шайқы, Көрпе Оразмағанбет, Жары Ержан Нөрік т.б. бар, оқу іздеп Бұхараға аттанады.

Шайхы ахун, Ержан хазірет, Оразмағанбет – (Оразмағанбет 1882 ж. – 1942ж.), (Шайхы ахун 1881 ж. – 1959ж.), (Ержан хазірет 1888 ж. – 1967ж.) бәрі бірге оқыған. Естүімше, Маңғыстаудан он сегіз бала оқуға бірге кетеді. Осы он сегіз баладан жоғарыдағы үш бала оқуды бітіріп келген. Ол кезде оқу қиын болған. Бәли Нұрнияз оқыған кезде әкесі саудагерлерден баласына зат беріп жібереді екен. Хиуадан қайтқан саудагерлер: «Балаңды көрдік. Түрі жүдеу» -дейді. Сонда әкесі: «Жүдесе жүдесін. Аман болсын. Аллаға аманат» дейтін көрінеді. Ол кезде медреседе оқыған шәкірт оқумен бірге медресенің түгел шаруашылығын қоса атқарған. Бұл оңай болмаған. Оразмағанбетпен бірге барған он сегіз баланың тек үшеуінің ғана бітіріп келуінің мәні осында.

XX ғасырдың бас кезінде Хиуа, Бұхара т.б. жерлерде оқытуда жаңалықтар болды. Олардың оқыған оқуын діни оқу дейміз. Негізінен діни оқу емес. Медресе он төрт түрлі пәнді оқытқан. Он төрт пәнді терең меңгерген соң, шәкірт бір саланы таңдап, сол саланы терең меңгерген. Ержан хазірет дін саласын, Шайхы заң саласын, Оразмағанбет геология саласын бітірген [15, б.6].

Ортағасырда Орталық Азия жері ғылым мен мәдениеттің орталығы болды. Ортағасырлық Ташкенттегі біздің заманның түсінігінше университеттердің рөлін медреселер – мұсылман оқу орындары атқарған. Олар орта мектеп пен рухани семинариялар қызметін атқарған. Сондай оқу орындарының бірі -Көкілташ медресесі болды. Ол 1568 жылы салынып, исламдық білім беру мекемесіне айналды [16].

Жоғарғы діни медреселерде оқу екі бағытта жүрді. Бірі – оқу-ағартушылық яғни мұғалімдік, екіншісі - емдеу ісі. Ержан хазірет осылардың бірінші бағытын тәмамдады. Ол екіншісінде оқыған, бірақ тәмамдауға дүниежүзілік соғыс басталып кетіп, ел ішіндегі жағдайдың ауырлауы мүмкіндік бермеген. Бұл екі мамандық иелеріне ортақ парыз – ел арасына дін қағидаларын, имандылықты уағыздау, дінге қатысты рәсімдерді орындау. Ал емші медресе ұстамайтын, керісінше мұғалім ем-доммен айналыспайтын болған. Дін иелері осы шартты қатты сақтауға тырысқан.

Дін иелеріне ортақ тағы бір парыз – қазылық ету. Ел арасындағы дау, шардың кей түрі билер соты, ауыр жағы патшаның сотына қазы ретінде қатысқан. Қазылыққа сайланып не тағайындалатын болған, оның міндеті куәгердің, жауапкердің адал жауап беруіне діни тұрғыдан ықпал ету болып табылған.

Медреселер білім беру мен оқу дәрежесіне қарай 4 сатыға бөлініп, оқу мерзімі 12-13 жылға созылған: бастауыш медресе – ибтидаия деп аталды. Оқу мерзімі – 4 жыл. Рушдия, оқу мерзімі – 3 жыл; Иғдадия – жоғары оқуға дайындық, оқу мерзімі – 3 жыл; Ғалия – жоғары білім беретін саты. Оқу мерзімі – 3 жыл. Ғалияны бітірген шәкіртке «ахун», «молда», «халфе» немесе «мударрис» деген атақ берілген.

Оқу пәндері медреселердің сатысына байланысты белгіленеді. Жоғары білім беретін медреселерде:

- араб тілі, лексика, этимология, синтаксис, риторика, тарих, Құранды оқу-игеру әдісі;

- дін үйрену,
- фикһ яғни ислам құқығы;

Жаратылыстану ғылымы: логика, математика, география, астрономия, медицина, табиғаттану негіздері, пәлсапа оқытылған [17, б.312-313].

Бұхарадағы оқудың қиындығына, қоятын талабына төзе алмай, басқа да жағдайлармен осы үшеуінен басқа бірге барғандар елге қайтып кетуге мәжбүр болыпты. Оқуға зейін салып оқып жатқан үш жастың алар білімі діни білім жолы болғанмен, тереңдете оқытатын саласын үшеуі үш түрінде қалап алған. Сонымен Оразмағанбет кен байлық табу ғылымын, Шайқы билік бөлімін, ал Ержан молдалық – бала оқыту жүйесін бітіргендігі туралы шатырхат (қазіргіше- диплом) алып, елге оралады. Бұл 1926 жылы еді. Осы алған білім деңгейі бойынша, имам атанған Ержан жергілікті жұрт басқа Ерекендерден ерекшелеу мақсатында болар, оны «Ержекең» атаған және «қазірет» атауын қосып айтатын [18, б.4].

Ержан хазірет елге келген соң алған білімін үйретуге кіріседі. Айдар ишан мешітінде дәріс береді. Ол өте білімді, сауатты еді. Оның орыс тілін білетіндігі, жоғары математика есептерін де шығара алатындығы, астрономия, жағырапияны меңгергендігі ол оқыған медреседе берілген білімінің жан-жақты екенін аңғартады.

Ержан хазіреттің қызмет еткен тұсы Кеңес өкіметінің құрылып, дінге тыйым салынған сәтіне тура келгендіктен діни білімді орны келгенде жасырын түрде үйретуге көшеді. Діни білімді тек ауызекі үйретіп қана қоймастан қағазға да түсірді. Ержан хазіреттің өз қолымен жазған қолжазба еңбегі «Өсиетнама, ұрпаққа аманат» атымен 2018 жылы жарық көріп, оқырманға ұсынылды. Бұл еңбекте діни рәсімдердің қалай атқарылуы тиіс екені және мұсылман баласы білуі тиіс 40 парыз қамтылған.

Хазіреттің бұдан бөлек ауқымды екінші қолжазбасы «Ілімнің бұлағы-кемелдік нәрі» атымен жарық көрді. Бұл еңбек қоғам үшін де ұрпақ үшін де өте құнды. Ислам дінінің алғышарттары мен күнделікті мұсылман баласының білуі әрі орындауы тиіс амалдар жайында түсінікті түрде баяндайды.

Ержан хазірет заманның қиындығына қарамастан, дін үшін сотталса да, дін ислам жолынан ауытқымай өмір сүрді. Өзінен кейін ел арасында дінді насихаттайтын, діни рәсімдерді шарифат шарттарына сай атқаратын ізбасарларын да қалдыра білген ұлы тұлға. Ол кісінің батасын алған танымал дін адамдарының есімі әлі күнге дейін ел аузынан тастамайтын тұлғаларға айналды. Атап айтар болсақ, Кеше Әбділла, Жаманадай Құлшық, Жаңай Есбосын, Бәубек Айжанак, Бектеміс Қарағұл молда, Тоқтамыс Төлесін молда. Аталған дін қайраткерлері ұстаздары секілді ел арасында өздерінің өнегелі өмірлерімен өшпес үлгі қалдыра білді [18, б.4].

Ержан хазірет сопылықта нақышбанди тариқатын ұстанды. Оның силсиласы да осыны көрсетеді. Оған оның мына «Иманшарт» кітабындағы сөздері нақты дәлел бола алады:

«Кімнің құлысың Жауап: Алла тағаланың құлымын. Кімнің үмбетісің? Жауап: Мұхамедтің (с.ғ.с.) үмбетімін. Кімнің мазһабынансың? Жауап: Имам ағзам Әбуханифе Әлкуфи оған Алланың рахымы болсын мазһабынанмын». Ол «Өсиетанама» атты кітабында болса өзінің Нақышбандияның жолын ұстанғаны оның аруағына дұға етуі керектігін айтқанынан белгілі болады [19, б.6-7].

Енді Ержан Төлегенұлы ұстанған уағыз еткен сопылық ілімі мен Нақышбанди тариқаты тарихына түсінік берейік.

Ал, сопылық ілім VIII-IX ғасырларда пайда болып, Орта Азияға X-XII ғасырларда еніп, тұрақтанды. Сопылық ілімнің кең қанат жайып, Қазақстан жеріне тарауының бір мысалы – Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің тұрғызылуы және оған Орта Азия халықтарының ағылып келіп, тәу етуі. Ысқақ баба және Баба Түкті Шашты Әзиз жергілікті қазақтар арасында исламды таратушылар болды.

Орталық Азиядағы сопылықтың таралуы оның пайда болуы мен таралуының алғашқы кезеңінде орталықтанудың түрлі деңгейімен барлық сопылық ордендерді біріктіретін ортақ атау Хважаган, парсы тіліне аударғанда хваджа-«әмірші», өзінің рухани бастамасын өзінің негізін салушы -Абд әл Халик Гиджуванимен байланысты.

Қожа Әбдухалик Гиджувани атакты Юсуф Хамадани шейхтың төрт мүридтерінің бірі болды. Хамаданидің оқушыларының ішінде сондай-ақ, Ахмет Яссауи де болды.

Сопылық -Алланың рақымына жақындатуды үйрететін, адамның ішкі жан -дүниесін күнәһарлықтан тазартып, барлық артықшылықтарды бойға сіңіруді үйрететін рухани ілім. Сопылық жол – пенденің Аллаға жету жолындағы бағытын немесе жүйесін үйретеді. Аллаға жету -Оны тану, оған деген шынайы махаббат. Бұл-дегеніміз құлшылықта ықыласта болу, тиым салынған нәрселерден аулақ болу, нәпсіні, жүректі жаман мінездер мен әдеттерден арылтып, көркем мінезбен кемелдендіру. Сол үшін сопылық - жүректі күнәдан, нәпсіқұмарлықтан тазалап, көркем мінезді қалыптастыру ілімі деп аталады.

Сопылық ілімнің түркі халықтары арасында таралуының бастауын XII -XIII ғасырларға жатқызуға болады. Орта Азияда сопылықтың Бахаудин Нақышбанд (Нақышбандия), Әбдулқадир Жейлани (Қадария), Наджмуддин Кубра (Кубравия) және Қожа Ахмет Яссауи (1093-1166) негізін қалаған тариқаттар таралған. Яссауи тариқаты «Жария зікір» - дауыстап зікір салу дәстүрімен ерекшеленеді. Ал, Нақышбанди тариқатының ұстанымы-зікірді іштей айту [20].

XII ғасырдан бастап ислам әлемінің әр түкпірінде пайда болған елуден астам сопылық тариқаттардың төртеуі – йассауия, накшбандия, кубравия – дәл Орталық Азияда пайда болды. Осы сопылық мектептер, ағымдар мен тариқаттардың ішінде накшбандийлік тариқаты ерекше орын алады. Накшбандия – сүнниттік ағымдағы 12 сопылық бауырластардың бірі. Накшбандия ұстаздары сүнниттік исламның бірінші халифасы Әбу Бәкір мен сүнниттік исламның төртінші халифасы Әли арқылы Ислам пайғамбары Мұхаммедке дейін тарайды. Бұл орден өз атауы оның негізін қалаушы, өз заманындағы Орта Азиялық сопылықтың ең ірі өкілі Бахауддин Мұхаммед Накшбандидің (1318–1389) атымен байланысты.

Накшбандия тариқатындағы ұстаздар тізбегі Әбу Бәкірге дейін барады. Бұл тариқат өз атауын рухани білім берудің ескі дәстүрлерін жаңғыртқан Мұхаммед Бахауддин шах Накшбанд Бұхари (1318-1389) атынан XIII ғасырдың аяғында алды.

Сопылық бауырластық Накшбандия атауы оның қолөнерінің атынан шыққан. XV ғасырдан бастап Накшбанди тариқаты бірте-бірте Орталық Азияда, Үндістанда, Түркияда және Иранда әрекет еткен ең кең тараған рухани бауырластыққа айналды. Оның ізбасарлары Жәми, Тәуекел хан, Әлішер Науаи, Шиғабутдин Маржани сияқты елеулі тұлғалар болды.

XII ғасырдың аяғында, ал одан кейінгі ғасырларда мектептер (машраб) немесе сопылық бағыттар (тариқат) пайда болды: кадирия, ясавия, кубравия, накшбандия, шәзилия, чиштиһа, т.б.

Тариқаттардың көпшілігі негізін қалаушылардың атымен аталады. Әрбір сопылық тариқаттың Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) және оның сахабаларына дейін созылатын рухани тәлімгерлер тізбегі (силсила) бар. Тасаууфты бұрынғы ұстаздан рұқсат (иджаза) алған адам ғана үйрете алады. Бала тәрбиелеуге рұқсат беру жүйесінің құрылуы кездейсоқ емес. Ислам ғұламасы Әс-Суюти жоғарыда аталған жүйенің дінді надан ұстаздардан қорғау мақсатында ұйымдастырылғанын айтады [20, б.4].

Түрлі тариқаттардың пайда болуы Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) тәрбие әдістерімен байланысты. Мысалы, Әбу Бәкір пайғамбардан тыныш (хафи) зікір алған, сондықтан накшбанди тариқасында зікір үнсіз, жүрекпен зікір жасалады. Али ибн Әбу Талиб пайғамбардан қатты (жәһри) зікір алған, сондықтан шәзилия тариқасында және кейбір басқа тариқаттарда зікір дауыстап айтылады. Бұл зікірлерді орындау ережелері ұрпақтан-ұрпаққа, жүректен жүрекке жалғасып отырды [21].

Накшбанд – Бахауддин хазіреттің лақап аты. «Накш» - сөзі ою (безендіру) дегенді білдіреді. Накшбанд – жүректі Алланың атымен безендіруші. Бахауддин Накшбанд аскетизмге, дүние істерінен бас тартуға қарсы шықты, еңбек пен білімге шақырды. Өзі де тамаша тоқымашы, металл оюшы болған, еңбектің жемісін көруді өз үлгісімен көрсетті. Бірде одан: «Тариқатыңның мәні неде?» деп сұрады. Ол: «Тариқатымыздың мәні – «халвет дар анджуман», яғни сырттан адамдармен бірге болу, іштей Алламен бірге болу», – деп жауап берді [22].

Орталық Азиядан шыққан накшбандия тариқаты бүкіл ислам әлемінде, әсіресе Осман мемлекеті тұсында кең тарады. Ислам ғылымдарының әртүрлі салаларындағы ханафи ғалымдарының көпшілігі накшбандия тариқатын ұстанушылар болды.

Накшбандияда оның екі тұлғасы – әл-Гиджувани мен Накшбанд зикір салудың тыныш түрін енгізді. Осылайша, Гиджувани тыныштықты орнықтыра отырып, Құдайға құлшылықта болудың жаңа тәжірибесін енгізді. Ал, Накшбанд Гиджуванидің рухымен қарым-қатынаста болу арқылы осы тәжірибені жаңғыртты.

Ал, дүниеге көзқарасы жағынан қарайтын болсақ, накшбандияның айрықша ерекшеліктерінің бірі-бұл тариқат мұсылман дінбасылары үлкен ықпалға ие болған Орта Азиядағы түркі тілдес халықтар арасында таралған еді. Сондай-ақ, Яссауи дәстүрінде мұрагерлік ұстаным-генетикалық туыстық басты орын алып, түрлі ақсүйектік деп аталатын, Мұхаммед пайғамбардың тұқымдары саналатын әмірлер, ишандар, шейхтер пайда болған еді. Ал, накшбандия аталған дәстүрді мойындамады және ұстанбады. Сонымен бірге, екі сопылық дәстүрдің арасындағы қарама-қайшылықтардың бірі - мұсылманшылықта музыка мен бидің, барлық дүниеден бас тартып жер астына кету, қырық күндік жыраққа кету сияқты қолданыстағы тәжірибелер даулы мәселеге айналған еді [23].

Алайда, ХҮІ ғасырға қарай Яссауишылдық Накшбандия тариқатына жол бере бастады. Оған объективті себеп болған Орталық Азиядағы Бұқара мен Самарқанд сол дәуірдің білім беру орталықтарына айналуында еді.

Накшбанд ілімінің де өзектілігі қазіргі кезде өміршеңдігін жойған жоқ және оның мәнін өскелең ұрпаққа түсіндірудің маңызы зор. Өйткені, дінді соғыс қаруына айналдырған заманда және діни теріс ағымдардың көбеюінен қоғам мен халқымыздың сонау ғасырлардан бері ұстанып келе жатқан салт-жораларының жойылып кетуіне қауіп төнуде.

XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың ортасында өмір сүрген Ержан Төлегенұлы да осы аталған тариқатының ұстанушысы болды. Тоталитарлық жүйе кезінде өзіне жала болып, жазықсыз кеткен азаматтар аз болған жоқ. Солардың бірі - өзінің көзі тірісінде-ақ халық құрметіне бөленіп, ерекше беделге, құрметке ие болған, бар ғұмырын ұрпаққа білім беруге, оларды имандылыққа, тазалыққа, ынтымақты, түзу жолда болуға тәрбиелеуге арнаған, ислам дінінің ғұламасы - хазірет атанған, діни жоғары білімді Ержан Төлегенұлы еді.

Белгілі маңғыстаулық дінтанушы, өлкетанушы М.Себасовтың айтуынша: «Накшбандия тариқаты - Орта Азия жерінде кең тараған сопылық мектебі. Аталған тариқат мектебі Мухаммад ибн Мухаммад Бахаудин Бухари(1318-1389) есімімен байланысты. Ол Бұхара қаласына жақын орналасқан Хиндуан ауылында дүниеге келіп, сол ауылда дүниеден өткен. Бахаудин хазірет кішкентай кезінде ауылына сопылық тариқатының атақты ұстазы Мухаммад баба Самасий келіп, оны перзенттікке алған. Сонда Баба Самасий өзінің халифасы Амри Кулал хазіретке: бұл баланың тәрбиесін саған тапсырамын деп аманат еткен» [24].

Ержан Төлегенұлының бірінші ерекшелігі – дін мен дін өкілдерін қудалаған кеңестік кезеңнің өзінде дәстүрлі діннің жалғасын үзбей тәуелсіз ұрпаққа жалғастырып кетуші тұлға.

Екінші ерекшелігі – соңында хатталған мұра қалған тұлға. Ол халыққа тәрбиені, өнегені тек сөзбен емес, өзінің жүріс-тұрысымен, болмысымен көрсетіп кетті. Тіпті өзін төрт рет соттаған өкімет туралы бір ауыз сөз теріс әңгіме айтпай, «өкіметтің заңына бағыну – уәжіп» деп халыққа насихатын айта жүріп, рухани тәрбиесін беріп кеткен діндар,- деп тоқталды М.Себасов хазірет туралы [25].

Кеңес үкіметі тұсында дінге тыйым салып, дін адамдарын қуғындап, ату жазасына кесіп отырғаны белгілі. Осындай қиын кезде исламның бес парызын толықтай орындау мүмкін емес еді. Әрбір мұсылман үшін қасиетті Мекке шаһарына барып, Алланың үйі қағбаны көру, оны тәу етіп, қажылық парызын өтеу үлкен арман болып табылады.

Ислам дінінің бес парызы бар екені белгілі. Оның біріншісі -Алланың бар екеніне сену, екіншісі – намаз оқу, үшіншісі -ораза ұстау, төртіншісі зекет беру, бесіншісі- қажылыққа аттану. Кеңестік кері саясаттың кезінде қажылық жасамақ түгілі, дін ұстаудың өзі қиын болды. Соның кесірінен Ержан хазірет қажылық парызын өтей алмады. Әдетте, қажылыққа

баратын адам науқастанып қалса, оның орнына өкіл ретінде басқа адамды жіберіп қажылық парызын атқара алады [26, б.6].

Қажылық туралы Ержан Төлегенұлы өзінің қолжазбасының төртінші кітап- «Сапар, қажылық, ғазуат» бөлімінде былай дейді: «Сапар екі түрлі болады, біріншісі ілім-талап қылынған діни сапар. «Кім егер үйінен ілім талап қылып шықса, ол үйіне қайтқанша Алланың жолында болған болады», сапар шеккенде адам баласы маңызды саналатын мінез-құлығын шыңдап алады. Сапарға шыққанда үйреншікті өмірін өзгертеді, Алланың берген нығметіне, кереметіне ой жүгірте алады. Сол сапарлардың бірі Алланың үйіне қажылық жасау. Құранда «Алла үшін сапарға жараған адамдарға қағбаға қажылық жасау міндет болды», хадисте «Кім қажылық жасаса, әйел баласына қырындамаса, бұзғыншылық жасамаса, анасынан туылғандай күнәдан тазарады» [27, б.33].

Қорытынды. 2018 жылы тамыз айында «Ержан Хазрет Төлегенұлының ісі мен еңбегін есте қалдыру» Қоғамдық Қорының қолдауымен Ержан Төлегенұлының атына бәдел қажылық атқарылды. Бәдел қажылық парызын Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Маңғыстаудағы өкіл имамы Смайл Сейтбеков орындады.

XIX ғасырдың соңы - XX ғасыр басы аралығын зерделесек, тарихымызда қаншама діни сауатты ғұламалардың – шайхы-пірлердің, хазіреттер мен ишандардың, ахундардың қоғамға қызмет еткені белгілі. Бірақ, олардың кезінде Ержан хазірет тұсындағыдай дінге қысым жасалған емес. Ержан хазіреттің еңбегі Маңғыстау өңірі ғана емес, қазақ елі, Орта Азия мемлекеттері үшін маңызды. Себебі, хазіреттің көзі тірі кезінде Тек Маңғыстау халқымен шектеліп қана қоймай, діни бір елдердің діни өкілдерімен тығыз байланыста болған[28].

Соңғы жылдары Ержан хазіреттің ұлттық құндылықтарды сақтау, мәдениетіміздің, ұлттық дүниетанымыз бен мінез-құлқымыз, тіршілік етуіміздің түп-тамыры қайда екенін, нені үйреніп, кімді үлгі тұтуымызды қажет екенін анық көрсетіп берген екі қолжазбаларының табылуы, шағатай тілінен қазақ тіліне аударылуы қазақ халқына ғана емес, мұсылман жұртшылығына дініміздің қайта жаңғыруына септігін тигізді. Ержан хазіреттің бұл еңбектері – тазалық жолының, ата-бабамыздан келе жатқан тасаввуф жолының таза түрінде сақтауымен, бізге дейін сол қалпында жетуімен құндылығын арттырып отыр. Хазіреттің соңында қалған біршама кітаптарына қарай отырып, оның өз замандастарына қазақтың дәстүрлі діни аясында насихат жүргізгенін, діни білімнің алғашқы сатыларын үйреткенін көруге болады.

Ержан хазірет дін үшін сотталса да, дін жолынан ауытқымай өмір сүрді. Өзінен кейін ел арасында дінді насихаттайтын, шарият заңдарына сай орындайтын шәкірттерін қалдырды. Оның ішінде ел арасында сыйлы болған руы Бәубек Айжанақ, Тоқтамыс Төлесін молда, Жаманадай Құлшық, Жаңай Есбосын, Бектеміс Қарағұл сияқты діни сауатты молдалар болды.

Ержан Төлегенұлы – өсиет пен қасиеттің, имандылық пен қарапайымдылықтың көрінісі болған діни сауатты тұлға. Ислам дінінің қағидаттарына өте берік болған Ержан хазірет мұсылман мәдениетіне сай қасиетті Құран ережелерін мүлтіксіз орындап, адамдар арасындағы діни сауаттылықты арттырып, руханиятсыздықты жоюға тырысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.«Маңғыстау мұғалімдері» энциклопедиясы. – А.:«Арыс» баспасы, 2014. – 480б.
2. Ислам энциклопедиясы / бас ред. Р. Нұрғалиев. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 280 Б.
3. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. А.: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010. – 592б.
4. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. I том. -719б.
5. Прозоров С. М.; Хисматулин А. А.; Акимушкин О. Ф.; Бобровников, В. О.; Халидов А. Б.; Ислам на территории бывшей Российской империи. Энциклопедический словарь. Выпуск 2. –М.: «Издательская фирма Восточная литература» РАН, 1999. –167с.
6. Ережепова Р.Г. XIX ғасыр соңы -XX ғасыр басындағы Маңғыстаудағы мешіт-медреселер (мұрағат деректері негізінде) / Yessenov Science Journal, No2(51),2025

7. О.Көшбайұлы. Ұлыстың ұлы перзенті: тарихи дерекнама. – А.: «Бабамұра-М» баспасы, 2023. – 360 // Қалменов М.Д. Оразмағамбет Тұрмағанбетұлы туралы жаңа құжат.
8. Мұхан Исаханмен сұхбат., дінтанушы. 1978ж.т. Алматы қ. Ишан атауы кімдерге берілген? М.Исахан/–URL: <https://kazislam.kz/ishan-atauy-kimderge-berilgen/> (қол жеткізілген күні 04.12.2007)
9. Бақытова А. Оразмағамбеттің өмір айдыны //Маңғыстау. –2022. – 23 маусым.
10. Табылдиева О., Сидешова Р. З. Ижановтың еңбектеріндегі Маңғыстау тарихына қатысты архивтік құжаттарға шолу./ Yessenov Science Journal, No1(50),2025
11. Төлегенұлы Е. Ілімнің бұлағы – тақуалық қайнары. – А.: «Үш қиян», 2018. –204б.
12. Әбілдіков Бисенғали. 1937 ж.т. Маңғыстау облысы, Оңды ауылы тұрғыны, Ержан хазіреттің қарындасы Ақай Төлегенқызының ұлымен сұхбат.
13. Марзия Атарбаева. 1952 ж.т. Шетпе кенті, Ащыбұлақ ауылы. Ержан Төлегенұлының ұлы Төлегенұлы Бектұрсын, 1951 жылы туған, 1985 жылы дүниеден озған, жұбайы, немере келінімен сұхбат.
14. Төлегенұлы Е. Өсиетнама(ұрпаққа аманат). –А.:«Нұрлы әлем»,2018. –168 б.
15. Султанғалиева Г.С. Руссификаторская политика царизма в Казахстане (XIX-нач. XX вв.) // Вестник КазГУ, серия историческая. – Алматы, 1993. – с. 107.
16. Асқар Ахреддин Ерсайдұлы., 1984 ж.т., Ақтау қ. Ержан хазірет Төлегенұлы атындағы мешітінің наиб имамымен сұхбат.
17. Дербісәлі Ә. Қазақстанның мешіттері мен медреселері. – А.:«Аруна» баспасы, 2009. – 496 б.
18. Әленұлы Ш. Спан Ә. Ержан хазірет. – Жаңаөзен. «Жаңаөзен» газетінің баспаханасы,1998. – 138б.
19. Сейтбеков С. Маңғыстау өлкесінің жауһарлары // Ержан (Ермұхаммед) хазірет Төлегенұлының мұраларын зерделеуге арналған «Дін тұғыры және ілім қайнары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары: Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ. – 2018. – Б. 5-6.
20. Духовность: истоки и традиции тасаввуфа // Вера . – 2001. – № 5. – с.4.
21. Нақшбандия тариқаты: секта емес, Құран мен Пайғамбардың сүннеттерін қатаң ұстану/–URL: info/theology/analytcs_23668.html (қол жеткізілген күні 12.04.2007)
22. Березиков Е. Е. Святыя ислама. – Казань: Татар. кн. изд-во, 1996. – С.125.
23. История суфизма в Казахстане./ – URL: <https://kazislam.kz/istoriya-sufizma-v-kazahstane/> (қол жеткізілген күні 29.11.2018)
24. Себасов Марат. 1981 ж.т., руы адай. Ақтау қ., өлкетанушы, дінтанушымен сұхбат.
25. Шынтемірқызы Г. Имандылық туралы іргелі еңбек жарық көрді// Егемен Қазақстан. – 2018. – 1 сәуір.
26. Қозыбақова В. Бәдәл қажылық парызын орындайды // Маңғыстау. –2018. – 16 тамыз.
27. Төлегенұлы Е. Ілімнің бұлағы – тақуалық қайнары. – А.: «Үш қиян», 2018. – 204б.
28. Нұржігітұлы Бисенбек. 1970 ж.т. руы Бектеміс жары., адай. Маңғыстау облысы, Ақтау қ., «Ержан Хазрет Төлегенұлының ісі мен еңбегін есте қалдыру» қоғамдық қоры директорымен сұхбат.

REFERENCES

1. “Mangystau Teachers” Encyclopedia. – Алматы: “Arys” Publishing House, 2014. – 480 p.
2. *Islam Encyclopedia* / Editor-in-Chief R. Nurgaliyev. – Алматы: “Kazakh Encyclopedia” Main Editorial Office, 1995. – 280 p.
3. *Islam. Encyclopedic Handbook*. – Алматы: “Aruna Ltd.” LLP, 2010. – 592 p.
4. “Kazakhstan”: *National Encyclopedia* / Editor-in-Chief A. Nysanbayev. – Алматы: “Kazakh Encyclopedia” Main Editorial Office, 1998. Vol. I – 719 p.

5. Prozorov S. M.; Khismatulin A. A.; Akimushkin O. F.; Bobrovnikov V. O.; Khalidov, A. B. *Islam in the Territory of the Former Russian Empire. Encyclopedic Dictionary*. Issue 2. – Moscow: “Vostochnaya Literatura” Publishing Firm of the Russian Academy of Sciences, 1999. – 167 p.
6. Yerezhopova R.G. *Mosques and Madrasas in Mangystau in the Late 19th – Early 20th Century (Based on Archival Sources)*. / *Yessenov Science Journal*, No. 2(51), 2025.
7. O. Koshbayuly. *The Great Son of the Nation: Historical Source Study*. – Almaty: “Babamura-M” Publishing House, 2023. – 360 p. // Kalmenov M.D. A new document about Orazmagambet Turmaganbetuly.
8. Interview with Mukhan Isakhan, religious scholar (born 1978), Almaty.
9. Who is given the title “Ishan”? M. Isakhan. – URL: <https://kazislam.kz/ishan-atauy-kimderge-berilgen/> (accessed: 04.12.2007).
10. Bakhytova A. *The Life Horizon of Orazmagambet // Mangystau*. – 2022. – June 23.
11. Tabyldieva O., Sideshova R.Z. *Review of Archival Documents on the History of Mangystau in Izhanov’s Works*. / *Yessenov Science Journal*, No. 1(50), 2025.
12. Tolegenuly E. *The Source of Knowledge – The Spring of Piety*. – Almaty: “Ush Kiyan”, 2018. – 204 p.
13. Interview with Bisengali Abildikov (born 1937), resident of Ondy village, Mangystau region; interview with the son of Akai Tolegenkyzy (sister of Erzhan Khazret); interview with Marziya Atarbayeva (born 1952), resident of Shetpe settlement, Ashybulaq village; interview with relatives (wife and daughter-in-law) of Bektursyn Tolegenuly (1951–1985), son of Erzhan Tolegenuly.
14. Tolegenuly E. *Testament (A Legacy to Descendants)*. – Almaty: “Nurly Alem”, 2018. – 168 p.
15. Sultangalieva G.S. *Russification Policy of Tsarism in Kazakhstan (19th – early 20th centuries) // Bulletin of KazSU, Historical Series*. – Almaty, 1993. – p. 107.
16. Interview with Askar Akhreddin Yersaiduly (born 1984), Aktau, naib imam of the mosque named after Erzhan Khazret Tolegenuly.
17. Derbisali A. *Mosques and Madrasas of Kazakhstan*. – Almaty: “Aruna” Publishing House, 2009. – 496 p.
18. Alenuly Sh., Span A. *Erzhan Khazret*. – Zhanaozen: Printing House of the “Zhanaozen” Newspaper, 1998. – 138 p.
19. Seitbekov S. *Jewels of the Mangystau Region // Proceedings of the Republican Scientific and Practical Conference “The Pillar of Religion and the Source of Knowledge” dedicated to the study of the heritage of Erzhan (Yermukhammed) Khazret Tolegenuly*. – Astana: L.N. Gumilyov ENU, 2018. – pp. 5–6.
20. Spirituality: Origins and Traditions of Tasawwuf // Vera. – 2001. – No. 5. – p. 4.
21. Naqshbandi Tariqa: Not a Sect, but Strict Adherence to the Qur’an and the Sunnah of the Prophet. – URL: info/theology/analytics_23668.html (accessed: 12.04.2007).
22. Berezikov E.E. *Saints of Islam*. – Kazan: Tatar Book Publishing House, 1996. – p.125
23. *History of Sufism in Kazakhstan*. – URL: https://kazislam.kz/istoriya-sufizma_v_kazahstane/ (accessed: 29.11.2018).
24. Interview with Marat Sebasov (born 1981), Aktau, local historian and religious scholar.
25. Shyntemirkyzy G. *A Fundamental Work on Spirituality Published // Egemen Kazakhstan*. – 2018. – April 1.
26. Kozybakova V. *Performs the Obligation of Hajj by Proxy // Mangystau*. – 2018. – August 16.
27. Tolegenuly E. *The Source of Knowledge – The Spring of Piety*. – Almaty: “Ush Kiyan”, 2018. – 204 p.
28. Interview with Bisenbek Nurzhigituly (born 1970), Aktau, director of the public foundation “Preservation of the Legacy of Erzhan Khazret Tolegenuly.”

ДУХОВНО-РЕЛИГИОЗНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕРЖАНА ТОЛЕГЕНУЛЫ В МАНГИСТАУ

Ережепова Р.Г., Отесова Г.Е.

Университет Есенова, Актау, Казакстан

E-mail:rimma.erezhepova@yu.edu.kz, gulnar.otessova@yu.edu.kz

Аннотация: Архивные данные показывают, что в конце XIX-начале XX века в Западно-Казакстанском регионе с усилением ислама увеличилось количество мечетей. Полуостров Мангистау стал регионом, признанным мечетями-медресе, направленными на просвещение местного населения. Мечеть-медресе конца XIX-начала XX века на полуострове Мангистау, считавшаяся одним из образовательных учреждений в народном образовании, содержала не только религиозное образование, но и гуманитарные, естественные, араб-персидские науки. В важном исследовательском введении к статье будет проведен анализ и даны определения иерархии таких религиозно грамотных личностей, как ишан, мулда, хазрат, ахун, владеющих вышеуказанными областями науки.

Деятельность духовно грамотных преподавателей и мечеть-медресе на полуострове Мангистау совпадает до Октябрьской революции и годам советской власти. Одним из них был Ержан Тулегенулы.

Ержан Тулегенулы был религиозно грамотным человеком, окончившим Бухарское медресе в 1926 году. За годы установления советской власти он неоднократно подвергался преследованиям со стороны советской политики за то, что следовал религиозному пути.

В статье делается акцент на истории и сущности религиозного тариката Ержан Тулегенулы, на этапах становления его религиозно-духовной, просветительской деятельности. Также будет проведен анализ рукописей хазрата, написанных им собственноручно.

Ключевые слова: исламская религия, мечеть-медресе, хазрат, тарикат накишбандия, мусульманское направление, религиозное образование, духовно-просветительское.

SPIRITUAL AND RELIGIOUS ACTIVITIES OF YERZHAN TOLEGENULY IN MANGYSTAU

Yerezhpova Rimma, Otesova Gulnar

Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

E-mail:rimma.erezhepova@yu.edu.kz, gulnar.otessova@yu.edu.kz

Annotation: Archival data show that in the late nineteenth and early twentieth centuries, the number of mosques in the West Kazakhstan region increased with the rise of Islam. The Mangystau Peninsula has become a region recognized by madrasah mosques aimed at educating the local population. The mosque-madrasah of the late nineteenth and early twentieth centuries on the Mangystau Peninsula, considered one of the educational institutions in public education, contained not only religious education, but also humanities, natural sciences, and Arab-Persian sciences. An important research introduction to the article will analyze and define the hierarchy of such religiously literate personalities as Ishan, Mulda, Hazrat, akhun, who possess the above-mentioned fields of science.

The activities of spiritually literate teachers and the mosque-madrasah on the Mangystau Peninsula coincide before the October Revolution and the years of Soviet power. One of them was Yerzhan Tulegenuly.

Yerzhan Tulegenuly was a religiously literate man who graduated from the Bukhara madrasah in 1926. During the years of the establishment of Soviet power, he was repeatedly persecuted by Soviet politics for following a religious path.

The article focuses on the history and essence of the religious tariqa of Yerzhan Tulegenuly, at the stages of the formation of his religious, spiritual, and educational activities. An analysis of Hazrat's handwritten manuscripts will also be conducted.

Keywords: Islamic religion, mosque-madrasah, Hazrat, tariqat naqishbandiya, muslim trend, religious education, spiritual - enlightenment.